



# СӨЗ СЫРЫ

**5-сынып тереңдетілген  
қазақ тілі бағдарламасы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ÓRKENIET» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІКТІҢ БАСПАСЫНА  
ҰСЫНЫЛДЫ



**Рецензенттер:**

Рецензенттер: «Órkeniet» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері О.О. Мұқатаев

**Құрастырған:** Алматы облысы, Талдықорған қаласы, «М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **Дюсембинова Назира Ермуханқызы**



## Түсінік хат

5 сыныпта қазақ тілін тереңдетіп оқытуға арналған оқу құралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) негізінде әзірленген.

Талай тарихи кезеңдерді басынан кешірген қазақ халқының тіл мәдениетінде, оның сөз байлығында терең сырлар бар, қызықты-қызықты құбылыстар бар. Халықтың кәрі тарихымен құрдас тілінен сол халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, шаруашылық жағдайы, өзге елдермен қарым-қатынасы, саяси, мәдени дәрежесі аңғарылатыны жұртқа мәлім. Өйткені қоғам өміріндегі түрлі құбылыстар, тарихи кезеңдер белгілі бір лексикалық ұғыммен ұласып жатады.

Сөз деген – аса бір күрделі ұғым. Сөз дегеніміз – сырлы әлем. Ол сөздің мағыналары арқылы аңғарылады. Сырлы әлемге ену үшін сөз мағыналарын жетік меңгеру қажет. Ал сөз мағыналары өзгереді, дамиды, заман ағымына қарай сөз де, оның мағынасы да мүлде жаңарып отырады. Сондықтан тілдегі сөздерді жинақтап, жүйеге салып, әрқайсысының мән-мағынасын ашып, сөздік қалпына түсіріп, халыққа ұсынылып отыратын сөздіктердің маңызы зор. Яғни сөз сырын ашатын кілт – тіліміздегі сөздіктер.

Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес білім беру жүйесіне көшкен кезеңде оқушыларға сөз сырының мән-мағыналарын жете түсіндіру қажеттігі туындап отыр. Өйткені жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілі пәніне арналған жаңа буын оқулықтарында бұл саланың аясы тар екені белгілі.

Бұл бағдарлама осы мәселелерді ескере отырып, қазақ тілі пәнінен 5-сыныпқа тереңдетілген курс ретінде жасалған.

Бағдарлама мазмұнды меңгертуге арналған үлкен тараулар мен тақырыптардан тұрады. Бағдарлама мазмұнын қамтитын тақырыптар тіліміздегі сөздіктер саласын басшылыққа ала отырып таңдалды.



Бағдарлама мазмұнын меңгертуде мұғалім теория мен практиканы ұштастыра жүргізеді. Сол арқылы оқушыларды сөз мағыналарын тануға, олардың сырын ашуға жетелеп отырады.


Курс мазмұнын меңгеру арқылы оқушылардың сөз өнеріне деген қызығушылығы артады. Ой-өрісі дамиды, шығармашылықпен жұмыс істеуге машықтанады.

### **Оқу курсының мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты – оқу курсы мен меңгерту арқылы қазақ тілінің қыр-сырын жете меңгерген, сөздік қоры бай, бүгінгі заманға сай жан-жақты біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

- сөз өнерінің қыр-сырын меңгерту;
- сөз мағыналарының алуан түрлілігін білдіру;
- сөздіктермен жұмыс жасай білуге үйрету;
- сөз мағыналарының қазіргі әдеби тілмен байланысын білгізу;
- сөздерді лексикалық тұрғыдан талдату;
- оқушыларды сауаттылыққа баулу;
- курс мазмұнын меңгерту арқылы оқушыларды сөз өнерін бағалай білуге үйрету;
- оқушыларды шешендікке, тапқырлыққа баулу, олардың дүниетанымын қалыптастыру;
- оқушылардың сөздік қорын молайту;
- оқушыларды ғылыми-ізденіс жұмыстарына баулу;
- сөз өнерінің құдіретін таныту арқылы кәсіби бағдар беру.



**«Сөз сыры» тереңдетілген бағдарламаның  
күнтізбелік-тақырыптық жоспары  
(Барлығы – 68 сағат, аптасына 2 сағаттан)**

№	Тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі
<b>Мәдениет: тіл және қарым-қатынас</b>			
1.	Ана тілі – ұлт байлығы	1	
2.	Тіл – қатынас құралы	1	
3.	Тіл тазалығы	1	
4.	Жеті жұрттың тілін біл	1	
5.	Сөйлеу мәдениеті. Амандасу, қоштасу, сыпайылық, әдептілік	1	
6.	Тілі байдың ойы да бай	1	
<b>Киім. Сән.Талғам.</b>			
7.	Киім түрлері және сән туралы түсінік	1	
8.	Киім стильдері	1	
9.	Қазақтың ұлттық киімдері	1	
10.	Қазақстандық дизайнерлер	1	
11.	Талғам	1	
<b>Отбасында-ғы дәстүрлер мен мерекелер</b>			
12.	Балаға ат қою	1	
13.	Бесікке салу	1	
14.	Тұсау кесу	1	
15.	Тілашар	1	
16.	Туған күн	1	
17.	Қонақ күту дәстүрі	1	
18.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері	1	
<b>Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі</b>			
19.	Адам және табиғат	1	

20.	«Қазақстанның Қызыл кітабы»	1	
21.	«Бақа мен үйрек» ертегісі	1	
22.	Жан-жануарлар туралы ертегілер	1	
23.	Адам және жыртқыш аң	1	
24.	Өсімдік және музыка	1	
25.	Ғажайып ағаштар	1	
26.	Миуалы ағаш	1	
27.	Жеміс-жидектің пайдасы	1	
<b>Бос уақыт және хобби</b>			
28.	Бос уақытты тиімді пайдалану	1	
29.	Уақыттың қадірі	1	
30.	Балалық шақ	1	
31.	Уақыт алтыннан қымбат	1	
32.	Үйірменің үйретері көп	1	
33.	Хобби	1	
34.	Ұлы адамдардың өмірінен	1	
35.	Мен еліктейтін кейіпкердің сүйікті ісі	1	
<b>Қиял әлемі</b>			
36.	Алтын сақа	1	
37.	Тазшаның қырық өтірігі	1	
38.	Екі патшалық	1	
39.	Қиялдан туған фильмдер	1	
40.	Компьютер адам сияқты ойлана ала ма?	1	
41.	Қиялдан туған суреттер	1	
42.	Фантазия	1	
43.	Бәйтерек туралы аңыз	1	
44.	Иллюзия өнері	1	
45.	Қиялын шындыққа айналдыра білген оқушылар	1	
<b>Көлік және жол белгілері</b>			

46.	Көлік және жол белгілері	1	
47.	Жол белгілері	1	
48.	Алғашқы көмек	1	
49.	Жол-көлік оқиғалары	1	
50.	Автокөліктер тарихы	1	
51.	Тротуарда	1	
<b>Адамның сырт келбеті мен мінезі</b>			
52.	Менің досым	1	
53.	Кім несімен бай?	1	
54.	Ұлыма хат	1	
55.	Жас талант	1	
56.	Менің атым Қожа	1	
57.	Бақша ағаштары	1	
58.	Талантты шахматшы Бибісара	1	
59.	Таланттармен тілдессек	1	
<b>Аспан әлемінің құпиялары</b>			
60.	Ай және Күн	1	
61.	Жұлдыздар. Аспан әлемі	1	
62.	Ғаламшарлар	1	
63.	Аспан әлемінің құпиялары	1	
<b>Саяхат және демалыс.</b>			
64.	Табиғатта демалудың пайдасы	1	
65.	Туристік компаниялармен саяхаттау	1	
66.	Ұлы жібек жолындағы киелі жерлерге саяхат	1	
67.	Шоқан - саяхатшы	1	
68.	Ару қала Астана	1	



## Оқу курсы менгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Бағдарлама мазмұнында қамтылған тақырыптарды оқи отырып, оқушылар төмендегідей талаптарды меңгеруі тиіс:

- сөз өнері ғылымын терең меңгере алуы;
- лексикография саласын білуі;
- сөздіктермен жұмыс жасай алуы;
- сөз мағыналарының қоғамда маңызды екендігін білуі;
- сөздерді лексикалық тұрғыдан талдай алуы;
- сөз өнерінің құдіретін тани алуы және бағалай алуы;
- алған білімдерін өмірде қолдана алуы;
- тіл тазалығын сақтай білуі;
- тіліміздегі сөздік қорды байытуға үлес қоса алуы;
- ғылыми-шығармашылық жұмыстар атқара алуы;
- төл мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды бағалай алуы;
- сөз өнерінің бүгінгі қоғамның қуатты құралы екенін білуі.





## Практикалық сабақтар

Білім алушылардың дайындығына қарай практикалық бөлімде оқушылардың практикалық дағдысы жетілдіріліп, алған білімдері бекітіледі.


Практикалық бөлімде төмендегідей жұмыстар атқарылады:

Тақырып	Кезеңдері	Практикалық бөлім
<b>Сөз сыры</b>	I жартыжылдық	1. Түсіндірме сөздікпен жұмыс жасауға, әрбір сөздің қыр-сырына қанық болып, тереңіне бойлай білуге және шешен болуға дағдыланады.
	II жартыжылдық	2. Шығармашылық тапсырмалармен және өз бетінше сыни тұрғыдан жұмыс жасайды.



## Білімді меңгеру деңгейін бақылау

№	Тексеруді жүргізу жиілігі	Сабақ типі	Оқушылардың білімін бақылау
1	Әр сабақ сайын	-	Үй жұмысын сұрау, ауызша баға беру.
2	Әр сабақ сайын	Білімді жинақтау сабағы	Қазақ тілінің синонимдерге бай екендігі, тілдегі синонимдер сөздік қордың асыл қазынасы екендігін, жергілікті жерде қолданылатын сөздердің мағынасын ұғынғандығы т.с.с. арқылы білімді меңгеру деңгейі бақыланады.
3	Әр сабақ сайын	Білімді жинақтау сабағы	Әр түрлі тақырыптағы мәтіндерге тілдік талдау жасай білуі және ойдан мәтін жаза білуі, яғни оқушының шығармашылық қабілеті арқылы білімді меңгеру деңгейі бақыланады.



## Пайдаланылатын әдебиеттер

### Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер:

1. М. Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» А., 1984
2. М. Балақаев, М. Серғалиев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» Алматы «Зият-Пресс», 2004
3. М. Балақаев, М. Серғалиев «Қазақ тілінің мәдениеті» А., «Зият-Пресс», 2006
4. Н. Уәлиев «Сөз мәдениеті» Алматы, 1985
5. Р. Сыздық «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» А., «Арыс», 2004
6. Р. Сыздық «Тілдік норма және оның қалыптануы» Астана: Елорда, 2001
7. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы, «Мектеп», 1988
8. С. Құрманғалиева «Қазақ тілін тереңдетіп оқыту» Алматы, «Рауан», 1995
9. Ж. Дәуітбекова, Е. Арын, Г. Махамбетова «Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы» Алматы, «Жеті жарғы», 2003
10. Қ. Алпысбаев «Көркем мәтінді талдау әдістері» Алматы, «Қазақ университеті», 2004
11. «Қазақтың шешендік өнері» Алматы, 1991
12. «Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ» Алматы, «Аруна»

### Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Фразеологиялық сөздік Алматы, «Арыс», 2007
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Алматы, «Дайк-Пресс», 2008
3. Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» Алматы, «Мектеп», 1975
4. А. Салқынбай, Е. Абақан Лингвистикалық түсіндірме сөздік Сөздік-Словарь, 1998
5. С. Кенжеахметұлы Жеті қазына
6. «Ақыл кені» Алматы, «Көшпенділер» баспасы, 200
7. Қазақ тіліне арналған дидактикалық материалдар
8. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы
9. «Тіл» журналы
10. «Ана тілі» газеті
11. Интернет желісіндегі материалдар

